

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

сипаттамасына келесідей ерекшеліктерді анықтауға болады: ынтымақтастыққа ұмтылу, интеграция, көпжақты, көп векторлы сипаттағы өзара әрекеттесу, кең ауқымдағы ақпарат ықпалы және т.б. Дипломатиялық дискурстің мақсаты болып, мемлекеттің ішкі саясаты концепциясы тұрғысынан және халықаралық құқық нормаларын негізге ала отырып алға қойған мақсаттарға жету және негізгі міндеттердің шешімін табу.

Ал, аударма теориясы және тәжірибесінде дипломатиялық құжаттар аударма алды талдауды, аналитикалық вариациялық ізденісті, аударма нәтижесінің талданылуын қажет етеді. Осы аталған рәсімдер аудармашының тікелей міндеті екені сөзсіз.

Қорыта келе, дипломатиялық мәтіндерді аудару барысында аудармашы сәйкес сөзді кәсіби тұрғыдан дұрыс таңдай білу қабілетіне ие болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бозжигитова З.Б., Жаханова Ж.А. УДК 327 (072) (574) «Дипломатиялық құжаттама» пәніне оқу-әдістемелік нұсқау. – Ақтау: КМТЖИУ, 2010. – 55 б.
2. Борисенко, И.И., Евтушенко, Л.И. Английский язык в международных документах (право, торговля, дипломатия): Учеб. пособие. / И.И. Борисенко, И.И. Евтушенко. - Л.-К.: ООО «ИП Логос», 2003. – 480 с. – Англ. – 3-е издание, переработанное и дополненное.
3. Казанцев, А.И. Особенности перевода клише и штампов официально-делового языка (на материале французского языка): Учеб. пособие /А.И Казанцев. – Челяб. гос. ун-т. Челябинск, 2002. – 67 с.
4. Трабелси Хайфа. Лингвокоммуникативный анализ дипломатического дискурса. Москва, 2013. – 80с.

УДК 81'255.2

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТАБУ МЕН ЭВФЕМИЗМДЕРДІҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Сагадиева Замзагуль Мұхтарханована

z.sagadiyeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ оқытушысы, Астана, Қазақстан

Аударма жалпы адамзат атаулының танымдық рухани алмасуы нәтижесінде мәдениет пен өркениеттің дамуына, адам баласының эстетикалық көркемдікке қол жеткізуіне, санасының өсуіне, дүниетанымының кеңеюіне апаратын жол сияқты.

Ақыл – ауыс, ырыс – жұғыс деп білетін халық өзінің елдік болмысын танып біле бастаған кезеңінен – ақ өзге елде, көрші жұртта не болып жатыр дегенге жіті құлақ түреді. Сондағы ең алдымен көңіл бөлетін – жан дүниені байытар рухани қазына үлгілері. Ендеше, рухани ауыс – түйіс, мәдени жалғастық ежелден – ақ ел назарында болып келген. Кедергі – тіл өзгешелігі болса, халық оның да жолын тапқан: тіл үйрену арқылы бір халықтың қазынасын екінші тілге аудару дәстүрі батыс, шығыс елдерінің қай-қайсысының да тарихында болған. Әлем халықтарының әдебиетінің бір-бірімен байланысуында, ғылым мен әдебиет салаларында халықаралық ынтымақтастықтың дамуында аудармалардың маңызы зор.

Аударма – белгілі бір тілде берілген хабарды аударма тіліндегі ақпаратқа қайта құру. Сөзбе сөз аударуға болмайды, өйткені әртүрлі тілдердің грамматикалық құрылымында, сөздік қорында, мәдениетінде айырмашылықтар болады. Салыстырмалы грамматикалар мен қос тілді сөздіктер қолданыста бар болғанымен, әртүрлі халықтар мәдениетінің салыстырмалы анықтамалары жоқ. Аудармашы бастапқы және аударма тілдерінің мәдениетін тең деңгейде білуі тиіс деп айтылғанымен, аудармашылардың көпшілігі мәтінді мәдени – салыстырмалы деңгейде ғана аудармады. Жалпы мәдени құндылықтарға немесе салыстырмалы құндылықтарға негізделген мәтіндердің көпшілігі аударуға тұрарлық. Оларды

аударуда аудармашы тек аударма барысында қиындық тудыратын негізгі хабардың стилистикалық, эмоционалдық не бағалау құрамдарына ғана емес, сонымен бірге жалпы және әмбебап түсініктерге зейін салады. Қиындықтар аударылмайтын элементтерден бастап толықтай мәтінге дейін кездеседі.

Аудармашы үшін сөз астарында не айтылғанын түсіну үшін тілдегі табу мен эвфемизмдердің пайдаланылу ерекшеліктерін білу өте маңызды. Әсіресе, бұл көркем мәтінді аудару мен публицистикалық материалдарды аударуда ерекше маңызға ие [1].

Мысалы, ломбард дүңгіршектерін (pawnshops) қазіргі кезде АҚШ-тағы жарнамаларда дүңгіршек деп емес, несие беретін зергерлік бұйымдар компаниясы (loan and jewelry companies) деп атап жүр. Ал, гитарист (guitarist) өзін гитарист емес, дыбыс жазу маманы (recording artist; entertainer) деп; тек жергілікті немесе жекеменшік орындарда белгілі әнші (singer), мысалы театрға өз қызметтерін ұсына отырып, өзі жайлы эстрада әншісі (showman, entertainer, performer) ретінде айтады. Қолданыста болған көліктер АҚШ-та көп жылдар бойы used cars немесе second-hand cars деп аталып келсе, енді алып-сатар делдалдар оларға қолданыста болған (used cars) деп емес, иелікте болған (pre-owned cars) деген жарнама қолдануда. Мұндай жарнамаға байланысты, эвфемизмдер мен табу өмірдің барлық салаларына енеді. Осылайша, заттарды өз атауымен атамас үшін, американ биржаларында құлдырау (fall) демей, іскерлік операциялардағы тыныштық (easing) немесе Уолл-стрит маклерлері акциялар курсы түзету (correction is made), қайта реттеу (adjustment, technical correction) тіркестерін қолданады. Техникалық түзетудің (technical adjustment, correction) акциялар курсы төмендегенде не жүретіндігі ғана бұл эвфемизмнің нақты мағынасын түсінуге сілтеме болды. Капиталистік экономиканың жағдайын қиындататын сөздерді пайдаланбас үшін, мысалға хроникалық инфляция (chronic inflation), кейбір экономистер оны инфляция сөзіне синонимдес эвфемизммен алмастыра салады: –gradual increase in prices and wages – баға мен жалақының біртіндеп өсуі. Немесе, биржадағы бум әдетте дағдарыспен кезектесетінін анықтаған соң, жағымсыз (depression, bust) сөздерін business cycle (іскерлік әрекет айналымы) эвфемизмімен алмастырған. Тіптен, дәстүрлі ғасырлық сұраныс пен ұсыныс (supply and demand) түсініктері абстрактілі «реттелетін баға мен жалақы» (administered prices and wages) терминдерімен алмастырылды. Эвфемизмдерді пайдалану арқылы «бюджетті асырып жіберуге» болмайды (budget overrun), бюджет өзінен – өзі өсіп, көбееді (budget growth, budget increase).

Осы топқа жататын эвфемизмдердің ішінде, шығынға ұшыраған фирма директорын: negative saver – «жағымсыз салымшы» деп атайтындыры да кездеседі.

Кедейлер (the poor) қазіргі капиталистік қоғамда, эвфемистік логикада соншалықты кедей емес: экономикалық баспасөздерде оларды алдымен the neediest (өте мұқтаж), кейіннен жай ғана the needy, the ill-provided (мұқтаж), сонан соң the deprived (игіліктерден айырылған) және сол күйі: the socially deprived (әлеуметтік ғарип)– the underprivileged (пұрсатсыз) – the disadvantaged (қолайсыз өмірлік жағдайға ұшыраған)– low-income people (тұрмысы төмен) деп бірнеше ренкке ие болған.

Жекелеген жағдайларда (мамандықтарды классификациялау саласында) эвфемизмдерді асыра пайдалану ағылшын тілінде әдеттен тыс атауыш сөздерді пайдалануға алып келеді.

Келтірілген мысалдардан эвфемизмдердің тілдегі өте күрделі және қарама-қарсылықты құбылыс екенін көруге болады. Бірқатар жағдайда оларды пайдалану заңды құбылыс. Көркем әдебиетте эвфемизмдер жазушылардың тиімді стилистикалық құралы және оны кейіпкерлер тілін жандандыру үшін пайдаланады. Көптеген жағдайда эвфемизмдер медицинада да орынды, кейде қазіргі дипломатия тілінде орын алып жатады.

Екінші жағынан, эвфемизмдерді жекелеген жарнама шеберлері пайдалана бастағанда, Паршиннің айтуы бойынша, бұл көптеген лозунг сөздердің және тіркестердің ағылшын тілінде сөйлеушілердің өзіне түсініксіз болып қалауына әкеліп соғады.[2]

Осылайша, біз сөздің ең басты ерекшелігі тек қана, Кант айтқандай «мағынаны білдіру қасиетінің» бар екендігі ғана емес, сонымен қатар оның әлеуметтік жағдаймен тығыз байланысты екендігі. Сөз тілдің негізгі элементі бола отырып, атап өтілгендей жағдайда

байланысты әртүрлі әртүрлі мағынаға ие болады. Сөздің көпмағыналық сипаты кездейсоқ емес, себебі сол арқылы сөз- ұғым мен шынайы әлем арасындағы байланыстың жалпылама сипаттамасы көрініс табады. Яғни, сөз-ұғымда біздің нақты объект жайлы ең маңызды түсінігіміз көрініс табады.

Бұдан, аудармашы үшін шығатын қорытынды: сөздің негізгі мағынасын ғана емес, әр түрлі тілдік жағдайларда қолданылатын қосымша мағынасын да білу қажет.

Сонымен қатар эвфемизмдерді аудару барысында олардың жасалу жолдары мен тақырыптық топқа жіктелуі үлкен рөл атқарады. Әсіресе, күрделі эвфемизмдердің құрамына кіретін элементтердің дұрыс аудармасы ерекше қиындықты тудыруы мүмкін.

Эвфемизмдердің басым бөлігі – басты сөз зат есім болатын сөзтіркестер: *queen size* – патша өлшемі, *unrealistic standard of feminine beauty* – әйел сұлулығының стандарты.

Етістікті сөз тіркестер эвфемистік тіркестердің аз ғана бөлігін құрайды: *to get into trouble* – психикалық ауруға шалдығу, *to enjoy Her Majesty's pleasure* – түрмеде отыру.

Зат есімді тіркестерді жасаудың ең тиімді жолдары: *adj + noun*; *noun + noun*; *adv + adj*; *adj + noun + noun*; *adj + adj + noun*; *noun + noun + noun*. Етістікті және көп компонентті (төрт құраушыдан көп) зат есімді тіркестерінің қандай да бір құрылым үлгісін анықтау мүмкін емес.

Сөз-эвфемизмдерді жасаудың ең тиімді тәсілі:

1. *лексика-семантикалық алмастыру*: *available* – жұмыссыз; *guest* – қамаудағы адам, *insurgent* (сөзбе –сөз: көтерілісші) – ирактық террорист; *maladjustment* (сөзбе –сөз: бейімделуге қабілетсіздік) – ауыр психикалық ауытқу;

2. *біріктіру*: *big-boned* – сүйегі ірі, *comb-free* –таз.

3. *аффиксация*: жұрнақтар – *ism*, – *ron*, және префикстер: – *non*, – *pre*, – *under*. *Actron* – актер/ актриса, *ageful* – жасы келген, *pre-womyn* – болашақ әйел (*girl*), *underachiever* –өз қабілетінен төмен лауазымдағы не дәрежедегі адам. – *ron* жұрнағының көмегімен жасалған сөздерді аудару барысында екі аударма да қатар беріледі: *actron* – актёр/ актриса.

4. *бірнеше тәсілді пайдалану*: *garbologist* (*garbage collector*) – қоқыс жинаушы (сөз тіркесі + аффиксация), *Winterval* (*winter* + (*festi*)val) (қысқарту + біріктіру).

5. *сөйлем эвфемизмдер*: *Fish Are Friends, Not Food*, *Drugs have always played a part in his life*. Олар эвфемизмдерді дұрыс пайдаланудың үлгісін көрсету үшін пайдаланылады [3].

Саяси эвфемизмдерді жасау үшін “*challenged*”, “*alternative*”, “*inconvenienced*”, “*person*”, “*different(ly)*”, “*less*”, “*impaired*”, “*negative(ly)*”, “*special*”, “*diversity*”, “*people who/with/of ...*”, “*black*”, “*companion*”, “*sex*”, “*race*”, “*gay*” компоненттері жиі пайдаланылады. Бұл лексемалардың эвфемистік бірлік ретіндегі аудармасы жоқ. Көптеген тіркестердің компоненті бола отырып, бұл сөздер контекстіне байланысты әр тіркесте әр түрлі аударылады. Қазақ тіліндегі нұсқаларда *challenged*–қиындыққа ұшыраған, жеткілікті дамымаған, қиындыққа тап болған, басқа мүмкіндіктерге ие, мүмкіндігі шектеулі. *Impaired* компонентті сөз тіркестер де тұрақты аудармаға ие емес: *attractively impaired* – тартымдылығы төмен, *hearing-impaired* – есту қабілеті төмен, *speech impaired* – сөйлеу қабілетіне ие емес.

Visually challenged тіркесін аудару үлкен қиындық туғызады. *Beard H.* сөздігінде бұл тіркес «әдемі емес» (*ugly*) адамды білдіреді. Және бұл жағдайда *visually challenged* дегенді «сыртқы келбетіне байланысты қиындықты бастан кешуші» деп аудару дұрыс болар еді [4].

Алайда, Кудрявцев А. Ю., Куропаткин Г.Д. зерттеулерінде «*жанарына айырылған*» деп аударылған. Бұл тіркестердің мағынасы контекстке байланысты ауысып отыратындығын көрсетеді [5].

Адамның жыныстық ерекшелігін білдіретін сөздерді қолданбас үшін пайдаланылатын *person* компоненті, гендерлік –бейтарап сөз болып табылады және тұлға деген аудармаға ие.

Мысалы: *milkperson*– сүт сататын тұлға; *busperson* – автобус жүргізетін тұлға; *fisherperson* – балық аулайтын тұлға.

Эвфемизмдерді тура аударудан сақ болу қажет, себебі эвфемизмдерді пайдаланудың негізгі мағынасы дөрекі, кемсітетін сөзді сыпайы, жағымды бірлікке алмастыру.

Сондықтан «Мультитран» сөздігіндегі *mentally challenged, horizontally challenged, physically challenged* (ақыл есі кем, семіздікке шалдыққан, мүгедек) сөз тіркестеріне эвфемистік емес аударма ұсынылғандығы үлкен мәселе.

Жоғарыда аталғандардың көп бөлігі тілде бекітілген эвфемистік тіркестер мен эвфемистік сөздер болып табылады, және сондықтан да оның сөздік қорының бір бөлігі. Бірақ эвфемизмдер «бір жолға ғана» жасалуы да мүмкін (сөйлеу барысындағы эвфемизмдер). Бұл түсінікті нақты көркемдік мақсатта жаңаша беру тәсілі, яғни мұндай эвфемизмдер тілде бар сөздерге контекстік синоним ретінде пайдаланылады. Негізінен, бұл тек кеңейтілген контексте түсінікті болтын эвфемистік перифраздар. Олардың стилистикалық функциясы эвфемистік синонимдердің функциясымен бірдей, яғни шығарма авторына немесе кейіпкеріне қандай да бір себеппен дәрежі көрінетін сөздер мен тіркестерді жұмсарту.

Мысалы: ... *they think we have come by this horse in some dishonest manner* (Dickens). *Come by this horse in some dishonest manner* тіркесі "*we stole the horse*" тіркесінің эвфемистік перифразы болып табылады.

Уэллстың "*The Truth About Pyecraft*" әңгімесінде, *getting rid of fat* тіркесінің орнына автор *reducing weight* эвфемистік оралымын пайдаланады.

Сонымен қатар, перифраз сынды көркем әдеби эвфемизмдер аудару үшін алдымен түсінуді, декодтауды талап етеді. Әдетте бұл контекст арқылы шешіледі. Расында да, *altogether* сөзі ешқашан да «жалаңаш» деген мағына бермейді. Тек төменде келтірілген контексте ол осы мағынаға ие: "*Of course, there are many very nice models indeed*", – said the voice of Mrs. Tallents Small peace, "*I don't mean that they are necessarily at all – if they are girls of strong character, and especially if they don't sit for the – the altogether.*"

Осындай аударма барысындағы қиындықтар аудармашының коммуникативті – делдалдық қызметі, грамматикалық анықтамалар, қос тілді сөздіктер мен әртүрлі елдердің мәдениетін қамтитын оқулықтардың көмегімен шешіледі. Аудармашының коммуникативтік жағынан аудармасының табысты болуы көп жағдайда аудармашының аударма тәсілін, аударманың бірліктері мен стратегияларын дұрыс таңдауына байланысты болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аполлова, М. А. Specific English (грамматические трудности перевода). – Москва: Русский язык, 1977. – 91 с.
2. Паршин, А. Н. Теория и практика перевода. – Москва: Русский язык, 2000. – 161 с.
3. Ларин Б.А. Об эвфемизмах: Проблемы языкознания. – Л., 1961. – 154 с.
4. Beard H., Cerf C. The Official Politically Correct Dictionary and Handbook – Villard Books, New York, 1995, P.291
5. Кудрявцев А. Ю., Куропаткин Г.Д. Англо-русский словарь-справочник табуизированной лексики и эвфемизмов. – Москва, 1993. – 136 с.

УДК 81'253

ПОЭЗИЯНЫ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Санкубаева Акерке

pd_11_11@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Бескемер А.

Түпнұсқаның жанрлық-стилистикалық ерекшеліктеріне қарай бөлінетін аудармалардың жанрлық-стилистикалық классификациясы аударманың екі негізгі түрінің пайда болуымен ерекшеленеді: көркем аударма (әдеби) және ақпараттық (арнайы) аударма [1].

Көркем аударма дегеніміз, негізгі қызметі аударма тілінде қабылдаушыға көркем-